КЕЛІСІМ ШАРТ
№ 12

Сарыағаш қаласы *« 30 » шілде 2013жыл*

Бұдан әрі «Тапсырыс беруші» деп аталатын «Сарыағаш ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің атынан іс-әрекет жасайтын аудан әкімінің орынбасары Асканбеков Серик Амалбекович бір тараптан және бұдан әрі «Өнім беруші» деп аталатын «СБМ и Компания» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің атынан Жарғы негізінде әрекет ететін директоры Сыдыкова Бекзада Малдыбековна екінші тараптан Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының (Бұдан әрі - Заң) 4 бабына сәйкес, 2012 жылдың 12 қарашасында түзілген жұмыстарды орындауға алдын ала шарттың негізінде осы шартты (Бұдан әрі - Шарт) түздік және мына төмендегі келісімге келдік.

Келісім-шарттың мәні мен бағасы

1. «Өнім беруші» Сарыағаш ауданы, Қошқарата ауылдық округі Ұшқын ауылындағы «Ұшқын» каналын тазалау жолымен төтенше жағдайлардың салдарын оқшаулау және жою, Жамбыл ауылдық округіндегі «Ашыкөл» каналының шайылған және бұзылған жерлерін қалпына келтіру жолымен төтенше жағдайлардың салдарын оқшаулау және жою жұмыстарын орындаған. Ал тапсырыс беруші орындалған жұмыстардың ақысын төлеп беруді міндетіне алады.

2013 жылға Келісім-шарттың сомасы 7 063 940 теңгені құрайды, оның ішіне ҚМЖ, сметада қаралған материалдарды, жабдықтарды сатып алу, жобалық сметалық құжат дайындау құны (201 937 теңге), авторлық қызметінің құны (13 696 теңге) және өзге де шығындар кіреді.

Жұмыстар жобалық сметалық құжаттама бойынша орындалған болуы тиіс.

Төлемнің тәртібі мен мерзімі

2. «Тапсырыс беруші» «Өнім берушіге» орындалған жұмыс көлеміне (Ф-2, Ф-3 нысан бойынша) осы шартта көрсетілген соманы аудан әкімі аппаратының мемлекеттік мекемені қаржыландырудың жеке жоспарындағы 122 аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты, 006 аудан (облыстық маңызы бар қала) ауқымындағы төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою, 000 аудан (облыстық маңызы бар қала) ауқымындағы төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою, 159 өзге де қызметтер мен жұмыстарға ақы төлеу бағдарламасына сәйкес 7 063 940 теңге төлейді.

168 ерекшелігіне сатып алынатын тауарлар, көрсетілетін қызметтер мен жұмыстар бойынша ҚҚС сомасын өнім берушіге аудару шығындары 847 672 теңге.

Келісім шарттың жалпы сомасы 7 911 612 теңгені құрайды.

«Тапсырыс беруші» келісім шарт сомасының 5 пайызын ұстап қалып, «Өнім берушіге» барлық жұмыстар орындалып болғаннан кейін және кемшіліктер мен шала істелген жұмыс тізімдерін жойғаннан кейін, сондай-ақ нысанның пайдалануға енгізу туралы қабылдау комиссиясының қолы қойылған актісін ұсынғаннан кейін төленеді.

3. Келісім шарт бойынша төлем «Тапсырыс берушінің» төлемдер бойынша мемлекеттік мекемені қаржыландырудың жеке жоспарына және орындалған жұмыс актілеріне сәйкес жүргізіледі.

4. «Тапсырыс беруші» «Өнім берушіге» түпкілікті ақы төлеуді, «Өнім беруші» осы шарт бойынша міндеттемелерді және ақауларды түзету жөніндегі өзінің барлық міндеттемелерін толық орындаған жағдайда жүргізеді.

Міндеттемелерді орындау мерзімдері

5. Егер форс-мажорлық жағдайлар орын алса немесе ол ұсынған ауытқулар жұмыстарды орындау үшін қосымша мерзімдер талап етсе, сондай-ақ егер, жұмыстарды орындау үдерісінде қосымша еңбек шығындарын талап ететін жасырын ақаулар анықталған жағдайларда, «Тапсырыс беруші» жұмыстарды орындау мерзімін ұзартады. Бұл ретте «Өнім беруші» азаматтық заңнамада көрсетілген рәсімге сәйкес «Тапсырыс берушіні» жазбаша хабардар етуі тиіс.

Тараптардың құқығы мен міндеттері

6. «Тапсырыс беруші» «Өнім берушіге» жұмыс алаңдарын беруге міндетті.

7. «Тапсырыс беруші» жұмыстың кез келген кезеңінде жұмыстың сапасына сынақ жүргізуге құқылы. Ақаулар айқындалса, «Өнім беруші» өз есебінен оларды түзейді.

8. «Тапсырыс беруші» кез-келген айқындалған ақаулар жөнінде, оны түзету мерзімін көрсетумен «Өнім берушіге» жазбаша хабар береді.

9. «Тапсырыс беруші» «Өнім берушінің» жұмыстарынан табылған қандай-да бір залал немесе қандай-да бір келтірілген зақымға жауапкершілік алмайды және «Өнім беруші» қандай-да бір зақымды, залалды және т.б. кемшіліктерді түзетуді қосымша өтеу ақысыз жүзеге асырады.

10. Жұмыстардың орындалуы кезеңіне өзінің атынан жұмыстардың барысын қадағалаушы, техникалық және орындаушылық құжаттарды дайындайтын жауапты өкіл белгілейді.

11. «Тапсырыс беруші» тәуліктің кез келген уақытында «Өнім берушіні» нысан басына шақырта алады.

12. «Өнім беруші» ақаулар жөнінде ескертпені алып, «Тапсырыс берушінің» белгілеген уақыты ішінде жоюға міндетті.

13. «Өнім беруші» рұқсат алуды қажет ететін жұмыстарды жүргізуге рұқсат құжаттарын алуға міндетті.

14. «Өнім беруші» қолданылатын барлық материалдар мен құрал-жабдықтарды «Тапсырыс берушімен» міндетті түрде келісілуі тиіс.

15. «Өнім беруші» келісім шартты орындау кезінде, «Тапсырыс берушінің» мүлкіне келтірілген залалға немесе шығындарға және жұмысшылардың денсаулығы мен меншігіне келтірілген қауіпке, сондай-ақ, жұмысшылардың өліміне жауапкершілік алады.

16. «Өнім беруші» нысандағы жұмыстардың өндірісінің техникалық қауіпсіздігіне толық жауапкершілігін алады.

17. «Өнім беруші» білімін және барлық мүмкіншілігін пайдаланып, жұмысты бақылауға алып, бағыттап отыруы тиіс. «Өнім беруші» келісім шарт бойынша қаржыларға, әдістеріне, техникасына, жұмыстардың орындалу дәйектілігіні мен сапасына, сондай-ақ барлық жұмыстарды үйлестіруге және бақылау жасауға жауапты.

18. «Өнім беруші» орындалған жұмыстарды және жұмыстарға байланысты барлық материалдарды, жабдықтарды, ресурстарды және өзге де позицияларды жаңбырға, су тасқынына, аязға, өртке, ұрлауға және өзге де себептерге байланысты зиянның, зақымданудың, жойылудың барлық түрлерінен қорғауды қамтамасыз етуге міндетті. «Өнім беруші» өзінің жұмыстарын жүргізу кезінде жоба бойынша басқа жұмыстарды, сондай-ақ «Тапсырыс берушіге» тиесілі меншікті және оған тиесілі құрылыстарды қандай да бір зақымдану түрлерінен және жолды, ғимараттарды, материалдардың қоймаларын және жылжымалы және жылжымайтын мүліктің өзге де түрлерін қоса алғанда (бірақ, онымен шектеліп қоймай) басқа да себептерден қорғауды қамтамасыз етуге тиіс. «Өнім беруші» жоғарыда айтылғандарға байланысты шеккен барлық шығындар «Тапсырыс берушінің» тарапынан қосымша өтелуге жатпайды.

19. «Өнім беруші» «Тапсырыс берушіге» шарт бойынша жеткізілген материалдар мен жабдықтардың сапасы жақсы болуына және техникалық ерекшеліктер мен жобалау сметалық құжаттарға сәйкес болуына және кемшіліксіз орындалуына кепілдік береді. Бұл талаптарға сәйкес келмейтін, сонымен бірге негізсіз, заңсыз өзгерістер болса аталған жұмыс ақау деп танылады. «Тапсырыс берушінің» талабы бойынша «Өнім беруші» материалдар мен жабдықтардың сапасын лабораториямен куәландыратын құжаттарды ұсынуы тиіс.

20. «Өнім беруші» нысанға апарылуға тиіс барлық әкелінген материалдар мен жабдықтардың тасымалдауын, жеткізіп беруін, түсірілуін (жүк) және сақталуын ұйымдастыруға жауапты. «Тапсырыс беруші» жеткізіп беру, өңдеу, сақтау және тасымалдау қаражаттарының, құралдарының тұрып қалуын төлеуге қатысты шығындарға қандай-да бір жағдайда өзіне жауапкершілік алмайды, ешқандай жеткізіп беру «Тапсырыс берушіге» жолданбауы тиіс.

21. «Өнім беруші» учаскедегі аумағын таза ұстауы қажет. «Өнім беруші» учаскедегі барлық қоқысты тазартып, жедел түрде тәртіпке келтіріп отыруы тиіс.

22. «Өнім беруші» қосалқы мердігерлік ұйымдармен жұмыстардың жалпы көлемінің (мердігерлік бағасының) 2/3 бөлігінен аспайтын шарт жасаса алады, және «Тапсырыс берушінің» жазбаша рұқсатынсыз шартты үшінші тұлғаға бере алмайды. Қосалқы мердігерлердің болуы «Тапсырыс беруші» мен «Өнім беруші» арасындағы шарттың талаптарын өзгертпейді. «Өнім беруші» шарт бойынша жұмыстарды орындау үшін қосалқы мердігерлерлік ұйымдарды тартқан жағдайда «Өнім беруші» қосалқы мердігерлік тиісті келісімшартты түзуге дейін мердігерлік ұйымды тартуға «Тапсырыс берушіден» рұқсат алуы тиіс. «Өнім беруші» осындай рұқсатты алғаннан кейін «Тапсырыс берушіге» қосалқы мердігерге берілетін жұмыстарды орындауға қосалқы мердігерлік ұйымның лицензиясының көшірмесін қосымшасымен жұмыстарды өткізуге жоспарланған тізімі мен көлемдерін көрсете отырып, ресми сұрауларды жолдайды. «Тапсырыс беруші» қосалқы мердігерден жұмыстарды қосалқы мердігерге берілетін жұмыстарды орындауға қосалқы мердігердің біліктілік талаптарға сәйкестігін растау мақсатында қосалқы мердігерлік ұйымның өзге де құжаттарын сұратуға құқылы.

23. Учаскеде қосалқы мердігерлер бар болса «Өнім беруші» өзінің жұмыстарын олармен үйлестіріп отыруы тиіс.

24. «Өнім беруші» келісім шарт негізінде «Тапсырыс берушінің» алдында өзінің жұмысшыларының, қосалқы мердігерлерінің, қосалқы мердігерлерінің жұмысшылары мен сенімді адамдарының, сондай-ақ, келісім шарттың аясында жұмыс бөлігін атқарып жүрген басқа да адамдардың әрекеттері мен жіберген қателіктеріне жауапкершілігін алады.

25. Егер «Тапсырыс беруші» «Өнім берушіден» «Өнім берушінің» немесе қосалқы мердігердің қызметкері болып табылатын адамды, себептерін көрсете отырып, Объектіде жұмыстарды орындаудан алыстатуды сұрайтын болса, «Өнім беруші» мұндай адамды 24 сағат ішінде объектіден кетіруге міндетті, одан кейін бұл адамның осы шарт бойынша жұмыстарды орындаумен ешқандай байланысқа ие болмауы тиіс.

26. «Өнім беруші» келісім-шартта көрсетілген жұмыстардың барлығы аяқталғаннан кейін, «Тапсырыс берушіге» жұмыстардың аяқталғаны жөнінде ескертпе-хабарлама береді, «Тапсырыс беруші» келісім шартқа сәйкес жеті күннен кем емес мерзімде жұмыстарды бағалау мақсатында комиссия (қабылдау комиссиясы) тағайындайды.

27. Қабылдау комиссиясы шала істелінген жұмыстардың тізімін құрады және оларды жою мерзімін белгілейді. Шала істелінген жұмыстардың жойылған күні келісім шарттың біткен күні болып табылады. Барлық шикіліктерді жою фактісі нысандарды пайдалануға берудің ақырғы қабылдау актісімен анықталады.

28. Нысанның қалыпты жұмысының және оған кіретін жабдықтардың, сметалық құжаттама, инженерлік жүйесі, материалдары мен жұмыстарының кепілдік мерзімі нысан құрылысының аяқталуы туралы актісіне қол қойылған кезден бастап 24 ай болып белгіленеді, қасақана оған басқа үшінші жақтан зиянкестік келтірілмегенін қоспағанда.

29. Егер кепілді пайдалану мерзімі кезеңінде нысанды қалыпты пайдалануға мұрша келтірмейтін кемшіліктер айқындалса, онда кепілдік мерзімі кемістіктерді жою кезеңіне созылады және «Өнім берушінің» өз есебінен жүзеге асырылады. «Өнім беруші» ақаулар туралы хабарламаны алып, ақауды «Тапсырыс беруші» көрсеткен уақыт кезеңі ішінде жоюға міндетті.

30. Егер «Өнім беруші» келісім-шарт талаптарын бұзып, түзету арқылы өз міндеттемелерін орындамаса, сондай-ақ, «Өнім беруші» сметалық құжаттарына сәйкес жұмыстарды аяқтауға қабілетсіз

болса, «Тапсырыс беруші» орындалмаған міндеттемелердің себептерін жоюға дейін жұмыстарды толық немесе бөлігін тоқтату жөнінде жазбаша алдын-ала өкім бере алады.

31. Егер «Өнім беруші» жұмысты түзете алмаса немесе түзеткісі келмесе (оны сметалық құжаттамаға сәйкестендіру) және тапсырыс берушіден бұл туралы жазбаша ескерту алғаннан кейін 3 (үш) күн ішінде жазбаша немесе әрекеттерімен жауап бермесе «Тапсырыс беруші» көрсетілген үш күн мерзім өткеннен кейін өзінің талабын қайталауға құқылы. Егер «Өнім беруші» келесі үш күн мерзімі ішінде көрсетілген ақауларды түзетуге жағдайы болмаса, «Тапсырыс беруші» өзінің басқадай әсер ету әдістерін қолдану құқығынан бас тартпастан, осы жұмысты өз күшімен орындай алады. Мұндай жағдайларда негізінде «Өнім берушіге» төленуі тиіс болған сомадан «Тапсырыс берушінің» қосымша қызметтер үшін мәжбүрлі шығындары өтемін қоса алғанда, көрсетілген ақауларды түзету құны шегерілетін өзгерістер туралы тиісті бұйрық шығарылады. Егер «Өнім беруші» төлеуге тиісті сома көрсетілген шығыстарды жабу үшін жеткіліксіз болса, «Өнім беруші» «Тапсырыс берушіге» айырманы өз қаражатынан төлеуге міндетті.

Айып санкцияларын қолдану шарттары

32. Жұмыстардың сапасының бұзылғаны үшін сметалық құжаттамадан ауытқуын, Қазақстан Республикасында әрекет ететін техникалық нормалар мен ережелерді қоса алғанда, бірақ онымен шектеліп қоймай жұмыста техникалық нормалар мен ережелерге сәйкес келмейтін материалдар мен жабықтарды қолданғанда, қолданыста пайдалануда болған материалдар мен жабдықтарды пайдаланғанда – «Өнім беруші» сапасыз орындалған жұмыстардың құнынан әр бір мерзімі өткен күннен 0,2 пайыз сомасында «Тапсырыс берушіге» тұрақсыздық айыбын төлейді.

33. 32 тармақта көрсетілген тұрақсыздық «Өнім берушінің» сапасыз орындалған жұмыстарды жойған күннен (қайта жасау) есептеп шығарылады. Жою фактісі «Өнім берушінің», «Тапсырыс берушінің» қолы қойылған сапасыз орындалған жұмыстарды жойған актісімен расталуы тиіс.

34. Шарттың кепілді мерзімі ішінде объектінің кемшіліктері мен ақауларын жою бойынша міндеттемелерін бұзғаны үшін «Өнім беруші» «Тапсырыс берушіге» шартттың бағасынан 5 пайыз көлемінде тұрақсыздық айыбын төлейді.

35. «Өнім беруші» кепілді кезең ішінде жұмыстардың өндірістік сапасы мен мерзімдеріне қатысты міндеттемелерден басқа Шарт бойынша міндеттемелерді бұзса, «Өнім беруші» «Тапсырыс берушіге» әр бұзушылыққа Шарттың құнынан 0,1 пайыз көлемде тұрақсыздық төлейді.

36. Шартта қаралған тұрақсыздық пен айып санкциялары «Өнім беруші» «Тапсырыс берушіден» тұрақсыздық пен айып санкцияларын төлеу туралы талаптарын алған күннен 5 (бес) жұмыс күні ішінде төленуге жатады. «Өнім беруші» осы жүргізілген төлемдерді растайтын төлем құжаттарын осы тармақта белгіленген мерзімде «Тапсырыс берушіге» ұсынуы тиіс.

37. «Өнім беруші» көрсетілген мерзімде тұрақсыздық айып санкцияларын төлеу бойынша міндеттемелерін орындамаған жағдайда, «Тапсырыс беруші» шарттың құнынан есептелінген тұрақсыздық пен айып санкцияларын шегеруге және тұрақсыздық пен айып санкцияларын алып тастап, «Өнім берушіге» кезекті төлем жүргізуге құқылы.

38. «Өнім беруші» шартты орындаудан бас тартса немесе «Өнім берушінің» кінәсінен келісім шарт бұзылса, «Өнім беруші» «Тапсырыс берушіге» шарттың бағасынан 10 пайыз көлемде тұрақсыздық айыбын төлейді.

39. «Өнім беруші» «Тапсырыс берушінің» жазбаша рұқсатынзыс қосалқы мердігерді тартса немесе қосалқы мердігерге жұмыс көлемінің 2/3 артығын орындауға берсе шарт бағасынан 10 пайыз тұрақсыздық айыбын төлейді.

40. Келісім-шарт бойынша Қазақстан Республикасының заңдылықтарына қайшы келмейтін басқа да айып санкциялары немесе басқа да талапар «Тапсырыс беруші» мен «Өнім берушінің» келісімімен қаралуы мүмкін.

Игерілмейтін күштің әрекеттері

41. Тараптар осы шарт бойынша өздерінің міндеттемелерін толық, жарым-жарты орындау жауапкершілігінен босатылады, егер де жұмыстың орындалуы игерілмейтін күштің салдарынан мүмкіншілігі болмаса, яғни аталған жағдайды қалпына келтіре алмайтын төтенше жағдайлар: апатты құбылысатр, өрт, әскери қимылдар, шарттың міндеттемелерін орындауға кедергі жасайтын нормативтік актілерді қабылдау, заңдылықтардағы өзгерістер орын алғанда.

42. Форс-мажорлы жағдайлардың, сондай-ақ олардың шамамен болу мерзімі жөнінде, осындай жағдай болған тараптар аталған жағдай болу кезден бастап банкілік 5 (бес) күннен кеш емес уақытты жазбаша түрде ескертеді.

Келісім-шартты өзгерту мен толықтыру тәртібі

43. Келісім шарт кез-келген өзгерістер мен толықтырулар енгізу күшіне енеді, егер де олар жазбаша түрде рәсімделіп және екі тараптың қолы қойылған болса.

44. Нысанды алдыңғы уақыттарға қаржыландыру үшін, тиісті бюджетте қаражаттың болмау жағдайы орын алса, келісім шарт кейінгі жылдарға түзілмейді және «Тапсырыс беруші» мен «Өнім берушінің» бір-біріне ешқандай даусыз міндеттемелері, сонымен қатар қаржы жағы тоқтатылады.

45. «Тапсырыс беруші» мынадай жағдайларда келісім шартты біржақты бұзуға құқылы:

1) «Өнім берушінің» кінәсінен екі реттен аса сметада қаралған жұмыстардың сапасын төмендетсе;

2) «Өнім беруші» «Тапсырыс берушінің» рұқсатынсыз 5 күннен аса мерзімге жұмысты тоқтатса;

3) «Өнім беруші» ақаулар туралы хабарламаны алып, ақауды «Тапсырыс беруші» көрсеткен уақыт кезеңі ішінде жоймаса;

4) «Өнім беруші» оның қайта ұйымдастырылуын немесе бірлесуін қоспағанда, банкротқа ұшыраса немесе қандай да бір себептермен таратылса;

5) «Өнім беруші» жобалау құжаттамасында және шарттық құжаттамада көрсетілген жұмыстарды жүргізу ережелерін, нұсқаулықтарын және ережелерін ескермейтін болса;

6) «Өнім беруші» қосалқы мердігерлік ұйымдармен жұмыстардың жалпы көлемінің екіден үш бөлігінен асатын шарт жасаса;

7) «Өнім беруші» қосалқы мердігерлік ұйымды жұмыстарды орындауға «Тапсырыс берушіден» жазбаша рұқсатынсыз жіберсе;

8) «Тапсырыс беруші» жұмыстардың кейінгі қаржылындыру мүмкіншілігін тоқтатса;

9) Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 6 бабының бұзылуы анықталса.

46. Шарт бұзылса «Өнім беруші» дереу жұмысты тоқтатып, Объектіні консервациялауды және белгіленген тәртіппен оны «Тапсырыс берушіге» тапсыруды қамтамасыз етеді.

47. Егер Шарт «Өнім берушінің» себебінен бұзылса, «Тапсырыс беруші» жаңа «Өнім берушіні» таңдауына аванстар мен шығындарды шегере отырып, «Өнім берушіге» іс жүзінде орындалған жұмыстар үшін қалған соманы төлейді. Егер «Тапсырыс берушінің» Шартты бұзуға байланысты шығындарының жалпы сомасы «Өнім берушіге» тиесілі жалпы сомадан асып түссе, айырма «Тапсырыс берушіге» 5 (бес) жұмыс күн ішінде төленуге жататын борышты құрайды.

48. «Тапсырыс беруші» Шартты одан әрі орындаудың орынсыздығына байланысты оны кез келген уақытта бұза алады, оның ішінде: «Тапсырыс беруші» «Өнім берушіге» тиісті жазбаша хабарлама жіберіп, қаржыландырудың болмауынан және/немесе қаржыландыруды қысқарту себептері бойынша. Хабарламада Шартты бұзудың себебі көрсетіледі, Шарттың күші жойылған жұмыстарының көлемі, сондай-ақ Шартты бұзудың күшіне енетін күні айтылады. Мұндай жағдайларда «Тапсырыс беруші» барлық орындалған жұмыстардың құнын, сатып алынған жабдықтар үшін, Объектіден машиналар мен тетіктердің шығарылуына шығыстарды және Объектіні консервациялау құнын төлейді.

49. Жоғарыда санамаланған жағдайлар негізінде шарт жойылған кезде, «Өнім беруші» шарт бойынша бұзуға байланысты оны бұзатын күнгі іс жүзіндегі шығындар үшін ғана ақы талап етуге құқылы.

50. Егер «Өнім берушінің» шарт талаптарын едәуір бұзуы себебінен шарт бұзылатын болса, объектідегі барлық материалдар мен жабдық, сондай-ақ уақытша құрылымдар мен орындалған

жұмыстары «Тапсырыс берушінің» меншігі болып саналады және шартты бұзуға байланысты қаржылық талқылаулар шешілгенге дейін оның билігінде болады.

51. «Өнім беруші» мынадай жағдайларда келісім шартты бұзуға құқылы:

1) «Өнім берушіден» тәуелді емес себептермен, «Тапсырыс берушінің» айтуымен бір айдан көп мерзімге жұмыстарды орындауын тоқтату кезінде;

2) «Тапсырыс беруші» жұмыстардың кейінгі қаржылындыру мүмкіншілігін тоқтатса.

52. Келісім шартты бұзатын тарап, басқа тарапқа бұл жөнінде 5 күн алдын ала жазбаша ескертеді.

53. Осы келісім шартта тікелей қаралмаған болса да, тараптар ҚР заңнамаларының барлығын басшылыққа алады.

54. Жұмыстарды орындауға қатысты «Тапсырыс беруші» мен «Өнім берушінің» ресми сөз алмасуы тек жазбаша түрде ғана күшіне енеді.

55. «Өнім берушінің» орындаған жұмыстарының сапасының кепілді кезеңінің және объектінің пайдалану кепілді кезеңінің аяқталуына дейін шарт өз әрекетін сақтайды.

56. Осы келісім шарт әр тарапқа бірдей заңдық күші бар 2 данадан, яғни әр тарапқа біреуден жасалған.

57. Шарт тараптар қол қойып мөрмен бекіткеннен, «Тапсырыс беруші» Сарыағаш ауданы бойынша Қазынашылық басқармасында тіркегеннен кейін күшіне енеді және 2013 жылғы 31 желтоқсанға дейін әрекет етеді.

Тараптардың мекен-жайы мен реквизиттері

«Тапсырыс беруші»	«Өнім беруші»
«Сарыағаш ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі.	«СБМ и Компания» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.
ОҚО Сарыағаш ауданы, Сарыағаш қаласы, Исмайлов көшесі, 37.	ОҚО Сарыағаш қаласы, Театральная көшесі №12 үй
БСН 000140003582	БСН 020540005428
Е/ш KZ39070103KSN5812000	Е\Ш KZ96722S000000436554
БИК KKMFKZ2A	БСК CASPKZKA
Код ГУ 1223516	КОД 12993
Сарыағаш аудандық қазынашылық басқармасы	«Kaspi Bank» АҚ Шымкент филиалы
Аудан әкімінің орынбасары	«СБМ и Компания» ЖШС-нің директоры
_____ С.Асканбеков	_____ Б.Сыдыкова
М.О.	М.О.

Форма 3

Заказчик: ГУ «Аппарат акима Сарыагашского района»

Инженер: ИП «Рахымхан»

Подрядчик: ТОО «СБМ и компания»

Договор № 12 от 30.07.2013г.

Справка

О выполненных работ по объектом: «Локализация и ликвидация чрезвычайной ситуации от наводнения н.п. Ушкын путем проведения очистка канала Ушкын в с/о Кошкарата Сарыагашского района ЮКО»

за июль месяц 2013 г.

№	Обоснование	Наименование работ и затраты	С начала года по отчетный месяц, тенге		За отчетный месяц	
			Без НДС	С НДС	Без НДС	С НДС
1	Смета 2-1-1 Смета 2-1-2	Локализация и ликвидация чрезвычайной ситуации наводнения н.п. Ушкын путем проведения очистка канала Ушкын с/о Кошкарата Сарыагашского района ЮКО	3554149	3980647	3554149	3980647
2		ПИР	103113	115486	103113	115486
3		Затраты на осуществление авторского надзора	7108	7961	7108	7961
		Итого:	3664370	4104094	3664370	4104094

Заказчик:

ГУ Заместитель акима Сарыагашского района

_____ Асканбеков С.А.

Инженер:

Директор ИП «Рахымхан»

_____ Р.Хожамуратов

Подрядчик:

Директор ТОО «СБМ и компания»

_____ Б. Сыдыкова

Форма 2

Заказчик: ГУ «Аппарат акима Сарыагашского района»
Инженер: ИП «Рахымхан»
Подрядчик: ТОО « СБМ и компания
Договор № 12 от 30.07.2013г.

А К Т
выполненных работ

по объектам: Локализация и ликвидация ЧС от наводнениян.п. Ушкын путем проведения очистка канала Ушкын с/о Кошкарата Сарыагашского района ЮКО

за июль месяц 2013 г.

№	Шифр и номер позиции норматива	Наименование работ и затрат	Ед. изм.	К-во	Стоимости ед. тенге	Общая стоимости тенге	Накладные расходы тенге
1	2	3	4	5	6	7	8
		Смета №2-2-1 На мехочистка канала Ушкын L-4500 м					
1	Е1-25-1	Срезка растительного слоя грунта 1 группы бульдозерами с перемещением до 10 м.	$м^3$	6042,98	9,85	59523	15768
2	Е173-12	Очистка каналов от наносов экскаторами в грунтах 2 группы	$м^3$	10597,46	59,39	777921	170505
3	Е1-85-8	Разравнивание грунта 2 группы в отвалах бульдозерами с перемешением до 10 м	$м^3$	10597,46	6,32	66976	14391
4	Е1-195-3	Корчевка деревьев диаметром до 32 см	шт	60	68,08	4085	1375
		Итого прямые затраты	тенге			759967	
		Накладные расходы	тенге			169383	
		Ненормируемые и непредвиденные затраты 6%	тенге			55761	
		Итого	тенге			985111	
		Смета №2-1-2 На мехочистка канала Ушкын-1 L-2300 м					
1	Е1-25-1	Срезка растительного слоя грунта 1 группы бульдозерами с перемещением до 10 м.	$м^3$	1840	9,85	18124	4802
2	Е173-12	Очистка каналов от наносов экскаторами в грунтах 2 группы	$м^3$	4937,29	59,39	293226	64223
3	Е1-85-8	Разравнивание грунта 2 группы в отвалах бульдозерами с перемешением до 10 м	$м^3$	1482	6,32	9366	2013
4	Е1-195-3	Корчевка деревьев диаметром до 32 см	шт	576	68,08	39214	13197
		Итого прямые затраты	тенге			359930	

		Накладные расходы	тенге			84235	
		Ненормируемые и непредвиденные затраты 6%	тенге			26650	
		Итого:	тенге			470815	
		Итого по объекту	тенге			1455926	
		Временные зд. и сооружение 4%	тенге			58 237	
		Итого:	тенге			1 514 163	
		Затраты на производство СМР в зимнее время 1,61%	тенге			24 378	
		Затраты за выслугу лет 1%	тенге			15 142	
		Затраты за доп. отпусков 0,4%	тенге			6 057	
		Итого:	тенге			1 559 740	
		Итого в текщих ценах 2013 г. К-2,234	тенге			3 484 460	
		Налоги, сборы,обязательные платежи 2%	тенге			69 689	
		Итого:	тенге			3 554 149	
		ПИР	тенге			103 113	
		Затраты на осуществление авторского надзора	тенге			7 108	
		Итого:	тенге			3 664 370	
		НДС 12%	тенге			439 724	
		Итого:	**тенге**			**4 104 094**	

Заказчик:

ГУ Заместитель акима
Сарыагашского района
_____ С.Асканбеков

Подрядчик:

Директор ТОО «СБМ и компания»
_____ Б. Сыдыкова

Инженер:

Директор ИП «Рахымхан»
_____ Хожамуратов Р.

Заказчик: ГУ «Аппарат акима Сарыагашского района»
Инженер: ИП «Рахымхан»
Подрядчик: ТОО «СБМ и компания»
Договор № 12 от 30.07.2013г.

Форма 3

Справка

О выполненных работ по объектам: Локализация и ликвидация черезвычайной ситуации от размыва и разрушения канала «Ащиколь» в с/о Жамбыл Сарыагашского района ЮКО

за июль месяц 2013 г

№	Обоснование	Наименование работ и затраты	С начала года по отчетный месяц, тенге		За отчетный месяц	
			Без НДС	с НДС	Без НДС	с НДС
1	Смета 2-1-1	Локализация и ликвидация черезвычайной ситуации от размыва и разрушения канала «Ащиколь» в с/о Жамбыл Сарыагашского района ЮКО	3 294 158	3 689 458	3 294 158	3 689 458
2		ПИР	98 824	110 682	98 824	110 682
3		Затраты на осуществление авторского надзора	6 588	7 378	6 588	7 378
		Итого:	3 399 570	3 807 518	3 399 570	3 807 518

Заказчик:

ГУ Заместитель акима Сарыагашского района
_____ Асканбеков С.А.

Инженер:

Директор ИП «Рахымхан»
_____ Хожамуратов Р.

Подрядчик:

Директор ТОО «СБМ и компания»
_____ Сыдыкова Б.М.

Форма 2

Заказчик: ГУ «Аппарат акима Сарыагашского района»
Инженер: ИП «Рахымхан»
Подрядчик: ТОО « СБМ и компания»
Договор № 12 от 30.07.2013г.

А К Т
выполненных работ
по объектам: Локализация и ликвидация черезвычайной ситуации от размыва и разрушения канала «Ащиколь» в с/о Жамбыл Сарыагашского района ЮКО

за июль месяц 2013 г.

№	Шифр и номер позиции норматива	Найменование работ и затрат	Ед.изм.	К-во	Стоимости ед. тенге	Общая стоимости тенге	Накладные расходы тенге
1	2	3	4	5	6	7	8
		Смета №2-1-1 На мехочистку канала					
1	Е1-25-1	-Срезка растительного слоя грунта 2 группы бульдозерами мощностью 96 кВт (130 л.с.) с перемещением до 10 м.	$м^3$	2520	11,19 / -	28199 / -	7480 / 9
2	Е1-25-2	-Срезка грунта 2 группы (старых отвалов) бульдозерами мощностью 96 кВт (130 л.с.) с перемещением до 10 м.под проход экскаватора	$м^3$	1145,66	11,19 / -	12820 / -	3401 / -
3	Е1-12-8	-Разработка в отвал грунта 2 группы экскаваторами «Драглайн» или «Обратная лопата» с ковшом вместимостью 0,65 $м^3$ (мокрый грунт)	$м^3$	21175,36	27,15 / -	574 911	162[illegible]
4	Е1-73-12	-Очистка каналов от наносов одноковшовыми экскаваторами емкостью 0,65 $м^3$ в грунтах 2 группы (мокрый грунт, заросшие откосы)	$м^3$	5828,48	59,39	346 153	75 815
5	Е1-85-8	-Разравнивание грунта 2 группы бульдозерами мощностью 96 кВт (130 л.с.) с перемещением до 10 м	$м^3$	8101,52	6,32	51 199	11 002
		Итого прямые затраты	тенге			1 013 282	
		Накладные расходы	тенге			259 759	
		Ненормируемые и непредвиденные затраты 6%	тенге			76 382	
		Итого:	тенге			1 349 423	

		Временные зд. и сооружение 4%	тенге			53 977	
		Итого:	тенге			1 403 400	
		Затраты на производство СМР в зимнее время 1,61%	тенге			22 595	
		Затраты за выслугу лет 1%	тенге			14 034	
		Затраты за доп. отпусков 0,4%	тенге			5614	
		Итого:	тенге			1 445 643	
		Итого в текщих ценах 2013 г. К-2,234	тенге			3 229 567	
		Налоги, сборы,обязательные платежи 2%	тенге			64 591	
		Итого:	тенге			3 294 158	
		ПИР	тенге			98 824	
		Затраты на осуществление авторского надзора	тенге			6588	
		Итого:	тенге			3 399 570	
		НДС 12%	тенге			407 948	
		Итого:	**тенге**			**3 807 518**	

Заказчик:

ГУ Заместитель акима
Сарыагашского района
_____ Асканбеков С.

Подрядчик:

Директор ТОО «СБМ и компания»
_____ Сыдыкова Б.

Инженер:

Директор ИП «Рахымхан»
_____Хожамуратов Р.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің 2001 жылғы
15 қазан №1328 қаулысымен
бекітілген Нысан

Қабылдау комиссиясының актісі

Сарыағаш ауданы, 2013 жылғы «29» тамыз
Қошқар ата а/о Ұшқын ауылы

2013 жылғы 20 тамыз №45 хатын қарап тағайындалған қабылдау комиссиясы «Сарыағаш ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі
(қабылдау комиссиясын тағайындаған тапсырыс беруші ұйымының атауы, тапсырыс берушінің тегі,аты,әкесінің аты)
құрамында :

Асқанбеков Серік Амалбекұлы	-	Аудан әкімінің орынбасары, қабылдау комиссиясының төрағасы;
Талипов Нұрполат Зайниұлы	-	Ауданның ауыл шаруашылығы бөлімі бастығы, қабылдау комиссиясы төрағасының орынбасары;

Комиссия мүшелері :

Кучкарбаев Шүкір Құлжанұлы	- -	«Сарыағаш ауданы су шаруашылығы» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының директоры ;
Мауленов Алмахан	-	Сарыағаш аудандық маслихатының депутаты, (келісім бойынша)
Бекмұратов Қонай Алтынбекұлы	-	Қошқар ата ауылдық округі әкімінің міндетін уақытша атқарушы;
Хожамұратов Рахымхан	-	Техникалық қадағалаушы (келісім бойынша)
Меңдибаев Өзбек Құрбанұлы	-	Жеке кәсіпкер (келісім бойынша)
Юсупов Ержан Сергейұлы	-	Жобаның бас инжинері (келісім бойынша)
Сыдыкова Бекзада Малдыбековна	-	«СБМ и Компания» ЖШС директоры (келісім бойынша)

АНЫҚТАДЫ:

1. Бас мердігер, «СБМ и Компания» ЖШС директоры Сыдыкова Б.М. Қошқар ата ауылдық округі, Ұшқын аулындағы «Ұшқын» каналын тазалау жолымен төтенше жағдайлардың салдарын оқшаулау және жою жұмыстары пайдалануға қабылдауға ұсынды.

2. Тазалау жолымен төтенше жағдайлар салдарын оқшаулау және жою жұмыстары 2013 жылғы «30 шілде №12 жұмыстарды мемлекеттік сатып алу туралы» келісім шарт негізінде жүргізілген.

3. Қошқарата а/о Ұшқын аулындағы «Ұшқын» каналын тазалау жолымен төтенше жағдайлардың салдарын оқшаулау және жою жұмыстарын орындаған бас мердігер «СБМ и Компания» ЖШС-ы жүзеге асырды және орындалған қосалқы мердігер ұжымдар жоқ жүзеге асырды.

4. Жұмыстың жобалау-сметалық құжаттамасын Ж.К. «У.К.Меңдібаев», *ОҚО Шымкент қаласы №8 мөлтек аудан №1 үй №36 пәтер* әзірлеген.

5. Қошқарата а/о Ұшқын аулындағы «Ұшқын» каналын тазалау жолымен төтенше жағдайлардың салдарын оқшаулау және жою жұмыстары жобасы мен сметалық құжаттамасы ауданның ауыл шаруашылық бөлімі бастығының қолы қойылып, мөрімен бекітілген.

6. Құрылыс-монтаж жұмыстары мына мерзімде жүзеге асырылған.
Жұмыстың басталуы 1 тамыз 2013 жыл.
(айы және жылы)
Жұмыстың аяқталуы 31 тамыз 2013 жыл
(айы және жылы)

Тазалау жолымен төтенше жағдайлар салдарын оқшаулау және жою жөндеу жұмыстарының ұзақтығы,ай; бір ай;

7. Қабылдау комиссиясына мынандай құжаттамалар ұсынылды:
   1) 2013 жылғы 30 шілде №12 «Жұмыстарды мемлекеттік сатып алу туралы» келісім шарт;
   2) Ұшқын аулындағы «Ұшқын» каналын тазалау жолымен төтенше жағдайлардың салдарын оқшаулау және жою жұмыстары жобасы мен сметалық құжаттама ;

8. Пайдалануға беруге ұсынылған объектінің мынадай қуаттылық, өнімділік, өндірістік алаң, ұзындық, сиымдылық, көлем, өткізу мүмкіндігі, жұмыс орындары, саны және с.с.негізгі көрсеткіштері бар (мақсатты өнімдерге немесе негізгі қызмет көрсету түрлеріне сәйкес барлық объекті (тұрғын үйлерден басқа) бойынша өлшем бірліктерімен толтырылады).

Қуаттылық, өнімділік және т.б.	Өлшем бірлігі	Жоба бойынша		Нақты	
		Жалпы (бұрын қабылданғанда рды ескере отырып)	Оның ішінде іске қосу кешені немесе кезектегі	Жалпы (бұрын қабылданған-дарды ескере отырып)	Оның ішінде іске қосу кешені немесе кезектегі
«Ұшқын» каналын механикалық тазалау $м^3$ 6800 м «Ұшқын» каналы -1,0 $м^3$ /сек					

9. Жабдық оны қабылдау туралы актіге сәйкес орнатылған :
1) «Ұшқын» каналы бойынша гидроқұрылымдар жоқ.

10. Бекітілген жобалау-смета құжаттама бойынша сметалық құны :
1) 4104094 тенге.
Қошқар ата а/о, Ұшқын аулындағы «Ұшқын» каналын тазалау жолымен төтенше жағдайлардың салдарын оқшаулау және жою жұмыстарының шарт бойынша бағасы 4104094 тенге.

Қабылдау комиссиясының шешімі :

Қабылдануға ұсынылған Қошқар ата а/о, Ұшқын аулындағы «Ұшқын» каналын тазалау жолымен төтенше жағдайлардың салдарын оқшаулау және жою жұмыстары

Пайдалануға қабылдансын.

Асканбаев С.А.

Талипов Н.З.

Қошқарбаев Ш.Қ.

Мауленов А.

Бекмұратов Қ.А.

Хожамұратов Р.

Мендібаев У.Қ.

Юсупов Е.С.

Сыдыкова Б.М.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің 2001 жылғы
15 қазан №1328 қаулысымен
бекітілген Нысан

Қабылдау комиссиясының актісі

Сарыағаш ауданы, 2013 жылғы «-----»28 тамыз
Жамбыл а/о «Ащыкөл» ауылы

2013 жылғы 20 тамыз №45 хатын қарап тағайындалған қабылдау комиссиясы «Сарыағаш ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі
(қабылдау комиссиясын тағайындаған тапсырыс беруші ұйымының атауы, тапсырыс берушінің тегі,аты,әкесінің аты)
құрамында :

Асқанбеков Серік Амалбекұлы	-	Аудан әкімінің орынбасары, қабылдау комиссиясының төрағасы;
Талипов Нұрполат Зайниұлы	-	Ауданның ауыл шаруашылығы бөлімі бастығы, қабылдау комиссиясы төрағасының орынбасары;

Комиссия мүшелері :

Кучкарбаев Шүкір Құлжанұлы	- -	«Сарыағаш ауданы су шаруашылығы» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының директоры ;
Жүзенов Абай Асқарұлы	-	Сарыағаш аудандық маслихатының депутаты, (келісім бойынша)
Абдиев Бахтияр Сапарұлы	-	Жамбыл ауылдық округі әкімінің міндетін уақытша атқарушы;
Хожамұратов Рахымхан	-	Техникалық қадағалаушы (келісім бойынша)
Мендибаев Өзбек Құрбанұлы	-	Жеке кәсіпкер (келісім бойынша)
Юсупов Ержан Сергейұлы	-	Жобаның бас инжинері (келісім бойынша)
Сыдыкова Бекзада Малдыбековна	-	«СБМ и Компания» ЖШС директоры (келісім бойынша)

АНЫҚТАДЫ:

1. Бас мердігер, «СБМ и Компания» ЖШС директоры Сыдыкова Б.М. Жамбыл ауылдық округіндегі «Ащыкөл» каналының шайылған және бұзылған жерлерін қалпына келтіру жолымен төтенше жағдайлардың салдарын оқшаулау және жою жұмыстары пайдалануға қабылдауға ұсынды.

2. Шайылған және бұзылған жерлерін қалпына келтіру жолымен төтенше жағдайлар салдарын оқшаулау және жою жұмыстары 2013 жылғы «30» шілде №12 «Жұмыстарды мемлекеттік сатып алу туралы» келісім шарт негізінде жүргізілген.

3. Жамбыл ауылдық округіндегі «Ащыкөл» каналының шайылған және бұзылған жерлерін қалпына келтіру жолымен төтенше жағдайлардың салдарын оқшаулау және жою жұмыстарын орындаған бас мердігер «СБМ и Компания» ЖШС-ы жүзеге асырды және орындалған қосалқы мердігер ұжымдар жоқ жүзеге асырды.

4.Жұмыстың жобалау-сметалық құжаттамасын Ж.К. «У.К.Меңдібаев» *ОҚО Шымкент қаласы №8 мөлтек аудан №1 үй №36 пәтер* әзірлеген.

5. Жамбыл ауылдық округіндегі «Ащыкөл» каналының шайылған және бұзылған жерлерін қалпына келтіру жолымен төтенше жағдайлардың салдарын оқшаулау және жою жұмыстары жобасы мен сметалық құжаттамасы ауданның ауыл шаруашылық бөлімі бастығының қолы қойылып, мөрімен бекітілген.

6.Құрылыс-монтаж жұмыстары мына мерзімде жүзеге асырылған.

Жұмыстың басталуы 1 тамыз 2013 жыл.
(айы және жылы)
Жұмыстың аяқталуы 31 тамыз 2013 жыл
(айы және жылы)

Шайылған және бұзылған жерлерін қалпына келтіру жолымен төтенше жағдайлар салдарын оқшаулау және жою жөндеу
жұмыстарының ұзақтығы,ай; бір ай;

7. Қабылдау комиссиясына мынандай құжаттамалар ұсынылды:
3) 2013 жылғы 30 шілде №12 «Жұмыстарды мемлекеттік сатып алу туралы» келісім шарт;
4) Жамбыл ауылдық округіндегі «Ащыкөл» каналының шайылған және бұзылған жерлерін қалпына келтіру жолымен төтенше жағдайлардың салдарын оқшаулау және жою жұмыстары жобасы мен сметалық құжаттама ;

8. Пайдалануға беруге ұсынылған объектінің мынадай қуаттылық, өнімділік, өндірістік алаң, ұзындық, сиымдылық, көлем, өткізу мүмкіндігі, жұмыс орындары, саны және с.с.негізгі көрсеткіштері бар (мақсатты өнімдерге немесе негізгі қызмет көрсету түрлеріне сәйкес барлық объекті (тұрғын үйлерден басқа) бойынша өлшем бірліктерімен толтырылады).

Қуаттылық, өнімділік және т.б.	Өлшем бірлігі	Жоба бойынша		Нақты	
		Жалпы (бұрын қабылданғанда рды ескере отырып)	Оның ішінде іске қосу кешені немесе кезектегі	Жалпы (бұрын қабылданған-дарды ескере отырып)	Оның ішінде іске қосу кешені немесе кезектегі
«Ащыкөл» каналының механикалық тазалау $м^3$ L- 1655 м «Ащыкөл» каналы- 1,0 $м^3$/сек					

9. Жабдық оны қабылдау туралы актіге сәйкес орнатылған :
1) «Ащыкөл» каналы бойынша гидроқұрылымдар жоқ.

10. Бекітілген жобалау-смета құжаттама бойынша сметалық құны :
1) 3807518 тенге.
Жамбыл ауылдық округіндегі «Ащыкөл» каналының шайылған және бұзылған жерлерін қалпына келтіру жолымен төтенше жағдайлардың салдарын оқшаулау және жою жұмыстарының шарт бойынша бағасы 3807518 тенге.

Қабылдау комиссиясының шешімі :

Қабылдануға ұсынылған Жамбыл ауылдық округіндегі «Ащыкөл» каналының шайылған және бұзылған жерлерін қалпына келтіру жолымен төтенше жағдайлардың салдарын оқшаулау және жою жұмыстары

Пайдалануға қабылдансын.

Асқанбаев С.А.

Талипов Н.З.

Қошқарбаев Ш.Қ.

Жүзенов А.А.

Абдиев Б.С.

Хожамұратов Р.

Мендібаев У.Қ.

Юсупов Е.С.

Сыдыкова Б.М.